

*Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар Министрлігі  
«Қазгидромет» Республикалық  
мемлекеттік кәсіпорны*

*Министерство экологии,  
геологии и природных ресурсов  
Республики Казахстан  
Республиканское государственное  
предприятие «Казгидромет»*

# **ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ**

әр тоқсанда шығарылатын  
ғылыми-техникалық журнал

**№ 4**

# **ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ И ЭКОЛОГИЯ**

Ежеквартальный  
научно-технический журнал

АЛМАТЫ  
2019

*ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР* М.П. Кынатов

*РЕДКОЛЛЕГИЯ*

Н.И. Ивкина (*зам. главного редактора*)  
С.Б. Саиров (*зам. главного редактора*)  
Н.Н. Абаев (*ответственный секретарь*)  
Р.Г. Абдрахимов (Алматы, Казахстан)  
А.Х. Ахмеджанов (Алматы, Казахстан)  
М.Ж. Бурлибаев (Алматы, Казахстан)  
А.А. Волчек (Брест, Беларусь)  
А.В. Галаева (Алматы, Казахстан)  
В.Ю. Георгиевский (Санкт-Петербург, Россия)  
С.А. Долгих (Алматы, Казахстан)  
И.Б. Есеркепова (Алматы, Казахстан)  
А.Р. Медеу (Алматы, Казахстан)  
Е.Ж. Муртазин (Алматы, Казахстан)  
А.М. Мусакулкызы (Алматы, Казахстан)  
Ж.С. Мустафаев (Алматы, Казахстан)  
К. Опп (Марбург, ФРГ)  
Е.В. Островская (Астрахань, Россия)  
В.Г. Сальников (Алматы, Казахстан)  
С.Г. Сафаров (Баку, Азербайджан)  
А.Г. Терехов (Алматы, Казахстан)  
А.В. Чередниченко (Алматы, Казахстан)

## **ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ И ЭКОЛОГИЯ**

**№ 4 (95)**

© Журнал издается с 1995 года.

Регистрационное свидетельство

№ 1538 от 14 марта 1995 г.

*Адрес редакции:* 050022, Алматы,  
пр. Абая, д. 32, к. 309,307  
*Телефон:* (7272) 67-64-91; 55-84-06;  
*E-mail:* [Hydromet.journal@gmail.com](mailto:Hydromet.journal@gmail.com)  
[caspian\\_almaty@mail.ru](mailto:caspian_almaty@mail.ru)  
<http://www.kazhydromet.kz>

Подписано в печать

Формат бумаги 70 × 100/16. Печать офсетная.

Бумага офсетная.

Объем 14,1 п.л. Тираж 500 экз. Заказ

## СОДЕРЖАНИЕ

### НАУЧНЫЕ СТАТЬИ

<b>А.Г. Абдуллина, Қ.Т. Сапаров</b> Ақтөбе облысының орографиялық терминдер топтамасының топоним жасау белсенділігі. . . . .	7
<b>Б.Б. Имансакипова, Б.И. Кидирбаев, А.В. Чернов, Г.С. Шакиева</b> Повышение эффективности оценки паводковой ситуации на основе данных радарной интерферометрии и ГИС-технологий. . .	19
<b>М.Н. Мусабаева, Г.Б. Абиева</b> Өзен алаптарындағы табиғатты пайдалану салдарларын жүйелік тәсілдеме тұрғысынан талдау (Үлкен Бұқпа өзені мысалында). . .	29
<b>Ж.С. Мустафаев, А.Т. Козыкеева, А.А. Сагаев, Е.Н. Алимбаев</b> Антропогенные изменения стока в низовьях реки Сырдарья. . . .	43
<b>С.К. Давлетгалиев, А.К. Мусина</b> Определение характеристик максимального стока весеннего половодья рек Жайык-Каспийского бассейна при отсутствии данных наблюдений. . . . .	54
<b>Б.М. Мырзақұлова, К.К. Дускаев</b> Есіл өзені алабындағы су объектілерінің гидрохимиялық және гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша қазіргі кездегі суының сапасы. . . . .	61
<b>Е.Д. Жапарқұлова, Л.В. Бажанова, К.Е. Калиева, М.С. Набиоллина</b> Тенденция изменения климата на современном этапе, прогноз на период до 2050 г. и его влияние на водность рек ледниково- снегового питания (на примере трансграничной реки Куркуреу- Суу, Таласский бассейн). . . . .	70
<b>Т.Р. Рыспеков</b> Пространственно-временное состояние экосистем и их сочетание в юго-восточной части Казахстана на нынешний период. . . . .	84

<b>Ж.Г. Берденов, А.Т. Бекетова, Г.М. Атаева, Е.Х. Мендыбаев, Marin Rusev</b>	
Изучение техногенного загрязнения снежного покрова Актюбинской агломерации. ....	96
<b>Ж.Т. Мукаев, Ж.О. Озгелдинова, М.Б. Каракулова</b>	
Оценка антропогенного воздействия на ландшафты бассейна озера Алаколь. ....	108
<b>Ж.О. Озгелдинова, Е.М. Хамзин, Ж.Т. Мукаев, А.А. Жангужина, Ж.Ф. Тенькебаева</b>	
Антропогендік әрекет жағдайында геожүйелердің тұрақтылық элеуетін бағалау (Кенгір өзені алабы мысалында). ....	117
<b>А. Кенжегалиев, Д.К. Кулбатыров, Г. Жаксиева</b>	
Возможности применения рапы Индерского соленого озера для рекреационных целей. ....	131
<b>Г.К. Казбекова, Н. Жалгасулы, Г.П. Метакса, Д.М. Казбеков</b>	
Физическое моделирование процессов возникновения водных кластеров. ....	140
<b>А.Г. Чигринец, А.Р. Жансыкпаев</b>	
Минимальный сток рек в бассейнах рек Ульби и Обы. ....	150
<b>Е.Е. Белдеубаев, С.А. Долгих</b>	
О температурном режиме приземного воздуха в холодный период в Прибалкаше и его изменения в последние десятилетия. ....	171
<b>ОБЗОРЫ И КОНСУЛЬТАЦИИ</b>	
<b>А.Г. Терехов</b>	
Потенциал спутниковых данных в задаче оценки водности сезона в китайской части бассейна реки Иле. ....	184
<b>М.Э. Шмидт, Т.В. Худякова, И. Амирова, С. Ибраев, С. Балабеков, Е.И. Васенина, Н. Лоенко, Ж. Исабекова, А. Мынжанова</b>	
Стихийные гидрометеорологические явления на территории Республики Казахстан в 2018 году. ....	190
Указатель статей, опубликованных в 2019 г. ....	208

## CONTENTS

### SCIENTIFIC ARTICLES

<b>A.G. Abdullina, K.T. Saparov</b> Toponymic activity of orographic terms of Aktobe region . . . . .	7
<b>B. Imansakipova, B. Kidirbayev, A. Chernov, G. Shakiyeva</b> Improving the efficiency of flood assessment using radar interferometry and GIS technology. . . . .	19
<b>M.N. Musabaeva, G.B. Abiyeva</b> Analysis of the consequences of nature management in river basins from the position of the system approach (on the example of the river of the Bolshaya Bukpa). . . . .	29
<b>ZH.S. Mustafayev, A.T. Kozykeev, A.A. Sagaev, E.N. Alimbaev</b> Anthropogenic changes in drain in lowers of the Syrdarya River. . . . .	43
<b>S.K. Davletgaliev, A.K. Musina</b> Determination of the characteristics of the spring fluid maximum runoff of the Zhayik-Caspian basin's rivers in the absence of observation data. . . . .	54
<b>B.M. Myrzakulova, K.K. Duskaev</b> Current state of water quality according to hydrobiological and hydrochemical parameters of water bodies in the Esil River basin. . . . .	61
<b>E.D. Zhaparkulova, L.V. Bazhanova, K.E. Kalieva, M.S. Nabiollina</b> Climate change trend at the present stage, forecast for the period up to 2050 and its impact on the water content of glacial and snow-fed rivers (on the example of the cross-border Kurkureu-Suu River, Talas basin). . . . .	70
<b>T.R. Ryspekov</b> Spatial-temporal condition of ecosystems and their combination in the southeastern part of Kazakhstan in the current period. . . . .	84

<b>Zh.G. Berdenov, A.T. Beketova, G.M. Ataeva, E.H. Mendybaev, Marin Rusev</b>	
Studying of the technogenic pollution of snow cover of Aktobe agglomeration. . . . .	96
<b>Zh.T. Mukayev, Zh.O. O zgeldinova, M.B. Karakulova</b>	
Assessment of anthropogenic impact on the landscapes of the Alakol Lake basin. . . . .	108
<b>Zh.O. O zgeldinova, E.M. Khamzin, Zh.T. Mukaev, A.A. Zhanguzhina, Zh.F. Tenkebaeva</b>	
Estimating the potential sustainability of geosystems in conditions of anthropogenic impacts (a case study of Kenghir basin). . . . .	117
<b>A. Kenzhegaliyev, D.K. Kulbatyrov, G. Jaksieva</b>	
The possibility of applying the brine Inder Salt lake for recreational purposes. . . . .	131
<b>G.K. Kazbekova, N. Zhalgassuly, G.P. Metaksa, D.M. Kazbekov</b>	
Physical modeling of application processes water clusters. . . . .	140
<b>A.G. Chigrinets, A.R. Zhansykpayev</b>	
Minimum river runoff in the basins of Ulby and Oby Rivers. . . . .	150
<b>Ye.Ye. Beldeubayev, S.A. Dolgikh</b>	
About temperature regimes of surface air in the cold period in the Balkash region and its changes in the last decades . . . . .	170
<b>REVIEWS AND CONSULTATIONS</b>	
<b>A.G. Terekhov</b>	
Satellite data in task of water regime estimation in chine’s part of river Ile Basin. . . . .	184
<b>M.E. Shmidt, T.V. Khudyakova, I. Amirova, S. Ibrayev, S. Balabekov, Ye.I. Vassenina, N. Loyenko, ZH. Isabekova, A. Mynzhanova</b>	
Natural hydrometeorological phenomena on the territory of the Republic of Kazakhstan in 2018. . . . .	190
Articles published in 2019. . . . .	208

ӘОК 913.81:911.2

А.Г. Абдуллина<sup>1</sup>Геогр.ғылымд. докторы Қ.Т. Сапаров<sup>1</sup>**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР  
ТОПТАМАСЫНЫҢ ТОПОНИМ ЖАСАУ БЕЛСЕНДІЛІГІ**

**Түйін сөздер:** топоним, халықтық географиялық термин, ороним, орографиялық терминдер, ландшафттық-геоморфологиялық ерекшелік

*Мақалада Ақтөбе облысы аумағындағы топонимдер тобында кездесетін орографиялық терминдер мен олардың оронимдер жасалуындағы белсенділігі қарастырылған. Халықтық географиялық терминдерге табиғи-географиялық, лингвистикалық талдау жасау арқылы олардың аумақтың геоморфологиялық, ландшафттық ерекшеліктерімен байланысы анықталған. Зерттеу аумағында кездесетін 4000-нан астам орографиялық нысандар атауларының құрамындағы терминдер жіктеліп, кесте, диаграмма түрінде көрсетілді.*

**Кіріспе.** Халықтық (жергілікті) географиялық терминдер нақты географиялық құбылыс пен түсініктерді анықтауда қолданылады және олардың географиялық нысандармен байланысы топонимдерде көрініс тапқан. Топонимдер мен терминдер арасындағы өзара байланыста топонимикалық заңдылықтар сақталған деуге болады. Топонимикалық зерттеулерде халықтық географиялық терминдерге негізделген *географиялық әдіс-тәсілдер* пайдаланылады.

Географиялық атаулардың құрамында географиялық және халықтық географиялық терминдер жиі кездеседі. Халықтық географиялық терминдер ғылыми терминологияның негізгі қоры болып табылады. Қазақстанда географиялық терминология жаратылыс ғылымдарының басқа салаларымен салыстырғанда біршама дамыды. Бұған әсіресе Қазақстанның кең байтақ аумағы оның жекелеген бөліктеріндегі миллиондаған топонимдердің пайда

---

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

болуына белсене қатысқан халықтық географиялық терминдері ерекше әсер етті. Халықтық географиялық терминдер бойынша қазіргі таңда құндылығы сақталып отырған Э.М. Мурзаевтың және Қазақстанда топонимика ғылымының негізін қалаған, алғашқы қазақтың халықтық географиялық атаулары мен терминдері туралы зерттеулер жүргізген Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың еңбектерін ерекше атауға болады. Ғ.Қ. Қоңқашбаев өзінің еңбектерінде қазақтың халықтық географиялық терминологиясының күрделілігі мен құндылығын атап көрсетті, Қазақстан аймағында сақталып қалған монғол (қалмақ) топонимикалық элементтерін, сонымен қатар түркі тілдік терминологияның заңдылықтарын анықтады, оларды сөздік түрінде құрастырып, этимологиясын анықтап көрсетті. Ғалымның диссертациялық жұмысы (1949) қазақтың халықтық географиялық терминдеріне арналып жазылған зерттеу жұмысы болды. Негізгі ғылыми жұмыстары топонимика мен терминология мәселелерін қамтиды. Ғ.Қ. Қоңқашбаев қазақтың халықтық географиялық терминдерін алғаш рет жинақтап, жарыққа шығарды. Оның *«Словарь казахских географических названий»* атты сөздігінде (1963) [11] *2000 астам географиялық атаулар мен терминдер* жинақталған, орыс әдебиетіне енгізілген жергілікті географиялық терминдер, географиялық атаулардың қазақша атауы және орысша баламасы (эквиваленті), семантикасы берілген. Э.М. Мурзаевтың топонимикалық зерттеулері халықтық географиялық терминдер бойынша құнды дерек көздері болып табылады. *«Тюркские географические названия»* (1996) еңбегінде түркі тілдес халықтардың халықтық географиялық терминдер топтамасына жан-жақты зерттеулер жүргізген [14]. Ғалымдардың топонимика бойынша еңбектері әлі күнге дейін қазіргі топонимист ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстарында қолданылып келеді. Сонымен қатар топонимист-географтар К.Д. Каймулдинова, Қ.Т. Сапаров, Ә.Е. Аяпбекова, А.Е. Егінбаева және т.б. ғылыми еңбектерінде Қазақстанның аймақтары бойынша терминдердің таралуы, олардың ақпараттық жүктемесі және топонимдер жасаудағы белсенділігі туралы жан-жақты зерттелген. Ақтөбе облысы аумағы бойынша оронимдер құрамындағы халықтық терминдерді зерттеу және талдау жоғарыда келтірілген ғалымдардың теориялары мен ғылыми тұжырымдарына негізделіп отыр.

**Бастапқы материалдар мен зерттеу әдістері.** Зерттеудің бастапқы ақпараттық базасы ретінде аймақтағы топонимикалық зерттеулер бойынша ғылыми еңбектер, аймақтың географиялық атаулары туралы қарастырылған ғылыми әдебиеттер мен материалдар, Қазақстан Республикасының

мемлекеттік географиялық атаулар каталогы, Ақтөбе облысының 1:500 000 масштабтағы топографиялық картасы пайдаланылды. Зерттеу жұмыстары бойынша ақпараттар статистикалық, этимологиялық талдау, салыстырмалы-сипаттамалық әдістерді пайдаланып жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде анықталды.

**Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдар.** Жалпы ландшафттық-топонимикалық зерттеулерде топонимдер құрамындағы халықтық географиялық терминдер арқылы ландшафт, оның тарихы мен динамикасы және ерекшеліктері туралы ақпараттар алуға болады. Яғни терминдер жер бедері формалары мен сипаты, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі сияқты компоненттері сияқты табиғи ландшафттың қасиеттерін анықтауға, зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан халықтық географиялық терминдерді индикатор-терминдер ретінде де қарастыруға болады [17]. Ландшафттық топонимдердің құрамындағы терминдерді жер бедерінің индикаторлары ретінде: жер бедерінің оң және теріс пішіндерінің, тегіс жер бедерінің орографиялық индикаторлары деп 3 топқа бөліп көрсетуге болады.

Ақтөбе облысы аумағының көп бөлігін геоморфологиялық аудандастырылуы бойынша аласа Оңтүстік Орал мен Мұғалжар қатпарлылығының аласа таулы, ұсақ шоқылы, төбелі жазықтары мен Каспий маңы синеклизасының Жайық-Жем денудациялық үстірті алып жатыр [6]. Осы табиғат аймағының жер бедерінің ерекшеліктері оронимдер құрамындағы терминдерде көрініс тапқан. «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» [5], Ақтөбе облысы бойынша топографиялық карта мәліметтері негізінде алынған 4737 оронимдер құрамындағы терминдер мен сөздерге статистикалық талдау жасау негізінде халықтық орографиялық терминдердің – 2014 (42,5 %) құрайтындығын анықтадық (1 сурет).



Сур. 1. Ақтөбе облысы оронимдерінің құрамы.

Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың [10], Қ.Т. Сапаровтың [16] және К.Д. Каймулдинованың [8] еңбектеріне сүйене отырып, Ақтөбе облысы бойынша оронимдер құрамындағы орографиялық терминдерді 1-кестегідей бес топтамаға жіктеп көрсеттік.


1-кесте

Ақтөбе облысы аумағындағы топоним құраушы халықтық орографиялық терминдер мен сөздер топтамасы

Терминдер топтамасы	Белсенді орографиялық терминдер
Жер бедерінің оң пішіндерін бейнелейтін	Шыңырау, адыр, айрық, асу, биік, бұйрат, ернек, дөң, жал, жар, күмбез, кия, қыр, оба, тау, толағай, төбе, шоғыр, шокат, шоқы, шың, төрткіл, үстірт
Жер бедерінің теріс пішіндерін бейнелейтін	Жыра, қуыс, құз, құлама, ой, оймауыт, ойпаң, ойық, ор, өзек, сай, табан, шат, шұқыр, жарық, жырық, жарма, үңгір
Тегіс жер бедерін бейнелейтін	Дала, жер, тегіс, жаға, жайылма
Орографиялық нысанның кеңістікте орналасуын сипаттайтын метафоралық терминдер	Құлақ, қабақ, кіндік, көз, аяқ, бас, бауыр, бел, бүйрек, мойын, мұрын, төс, тұмсық, кемер, қара, түбек, айдар, айыр, ирек, өткел
Орографиялық нысанды құраушы жыныстарға байланысты терминдер	Шағыл, кебір, тақыр, ұшпа, құм, тас

1-кестеде көрсетілгендей жер бедерінің оң пішіндерін сипаттайтын (23 термин) және орографиялық нысанның кеңістікте орналасуын сипаттайтын метафоралық терминдердің (20) басым екендігі анықталды. Оронимдер

құрамында *сай, төбе, шоқы, төрткіл, құм, тас, оба, бас, тау, жар, адыр, қара* терминдерінің топонимикалық белсенділігі жоғары (2-сурет).



Сур. 2. Ақтөбе облысы топонимдер құрамындағы орографиялық терминдер үлесі.

Көрсетілген терминдердің қайталану жиілігінің жоғары болуы облыс аумағының геоморфологиялық ерекшеліктерімен, жер бедерінің сипатымен түсіндіріледі. Сонымен қатар терминдердің топоним құрамында кеңістіктік таралу заңдылықтарының бірі «терминдердің ландшафттар бойынша шоғырлануы» деп атауға болатын құбылыспен түсіндіруге болады [3].

Халықтық географиялық терминдер арасында географиялық құбылыстың жалпы белгілері бойынша топтастыратын *өзен, су, көл, тау* т.б. терминдер бар. Мысалы, *өзен* үнемі болатын су ағынын, *тау* – көтерілімді сипаттайды. Ақтөбе облысы аумағындағы *тау* терминімен жасалған топонимдер жергілікті жердегі басқа жер бедерімен салыстырмалы көтеріңкі бөліктерін көрсетеді. Т. Жанұзақ тау терминін ежелгі заманға тән, орал-алтай тіл бірлестігі кезінде пайда болған қазақ халықтық географиялық терминдер қатарына жатқызады [4]. Бұл терминмен жасалған оронимдер саны 128 атауды құрайды және олардың басым бөлігі Мұғалжар тауы және оған жапсарлас аумақтарда шоғырланған. Бұл термин тау, төбе, шоқы сияқты жер бедерінің оң пішіндерін сипаттайтын географиялық нысан атауларында кездеседі. *Тау* деген салыстырмалы ірі көтерілімдердің жалпылама атауы болса, *Доңызтау, Қабантау, Бөрілітау, Жыландытау* сол жердегі жануарлар түрлерін; *Жамантау, Жақсытау, Суықбеттау* сияқты оронимдер жергілікті жердің географиялық ерекшеліктерін сипаттайды. «Жақсы», «жаман» деген сөздер топонимдердің құрамында нысандардың сапасын сипаттау мақсатында қолданылады. Мұғалжар таулы аймағындағы Айрық биік нүктесінен солтүстік бағытқа созылған төбе Жақсытау және оңтүстікке бағытталған төбе Жамантау

деп аталды. Қазақ даласын зерттеуші А.И. Левшин зерттеулерінде бұл төбелер жайылымдардың сапасына байланысты аталған деп көрсетілген [12].

*Ақтөбе, Ақбастөбе, Қаратөбе, Шұбартөбе, Жалғызтөбе, Жақсытөбе, Бестөбе, Жалтақтөбе* сияқты оронимдерде кездесетін түркі тілінен шыққан келесі *төбе* терминінің дәлме-дәл «шың, төбешік, шоқы» деген мағынаны білдіреді. Азербайжан тілінде *тепелик* - «ұсақ шоқы», Орта Азия мен Монғолияда кездесетін *тепе, дене, добо* формасы да «төбе, шағын тау, қорған» мағынасында қолданылады. Орыс географиялық әдебиеттерінде қолданылатын *тепе, тюбе, тепелик* «ұсақ шоқы» дегенді білдіреді [14, 10]. Жалпы облыстағы географиялық атауларға топонимикалық талдау бойынша құрамында *төбе* терминімен жасалған оронимдер саны 119 атауды құрады.

*Шоқы* термині облыс оронимдері ішіндегі 66 географиялық атаудың жасалуына негіз болған. *Шоқы* (қаз.), *чўкки* (өзб.) – конус тәрізді формадағы көтерілім немесе таудың сүйірленіп ерекшеленіп тұратын шыңы. Сонымен қатар Э.М. Мурзаев монғол тіліндегі *цохио* «жартас» сөзімен де салыстырады [13]. Аумағының көп бөлігін аласа таулы өлке, таулы қыраттар алып жатқан Ақтөбе облысы оронимдері арасындағы *адыр* терминінің көп кездесуі де қызығушылық тудырды. *Адыр* – төбелі жер, ұсақ шоқы, жазықты жер бедерінің қатты беткі бөлігі; тауды қоршаған сілемдер, аласа таулар; эрозиялық процестермен, сайлар, жыралармен қатты тілімденген тау етегі [14]. Түркменстанда *адыр* жұмсақ топырақты, құмсыз шөлді жазықтың бөлігі; Қазақстанның көптеген аудандарында салыстырмалы аласа, тілімденген тасты бұйраттар немесе аласа таулар, қатты жыныстардан құралған шоқылар. Ғ.Қ. Қонқашбаев *Қазақтың ұсақ шоқысы* осы адырлардың - шоқылардың көп болуына байланысты аталған деп көрсетті [10]. Облыс аумағында *адыр* терминімен жасалған *Адыр, Ақадыр, Қараадыр, Түлкіадыр, Қызыладыр, Мамажанадыр, Шөладыр* және тағы басқа оронимдер саны 23 атауды құрады.

*Оба* – көтерілімдерде, кейде тегіс жерлердегі тастардың үйіндісі. Монғолияда да *овоо* – «үйінді», «*тас үйіндісі*», «*қорған*» дегенді білдіреді. Термин Қазақстанның географиялық атауларының құрамында жиі кездеседі, облыс бойынша 42 ороним *оба* терминінің қатысуымен жасалғаны анықталды. Облыс аумағындағы оронимдердің 91 атауында кездесетін *тас* терминінің бірінші мағынасы қазақ тілінде «тас», «жартас», якут тілінде *тас (таас)* – «тас», «тау», «жартас», «жота», «қатты түпкі жыныстардан құралған көтерілімдер» дегенді білдіреді. Екінші мағынасы (алт., тув.) «ормансыз аласа таулар», түркі тілінде *тас, таз* – «тақыр», «жалаңаш». Облыс аумағындағы топонимдердің аталуында бірінші мағынасына сәйкес қатты жыныстардан

құралған таулар, шоқылар, төбелер және тағы басқа көтерілімдерді сипаттауда пайдаланылған. Мысалы, *Ақтас, Қаратас, Сандықтас, Қызылтас, Тастысай, Тасиоқы, Қабақтас, Көптас* оронимдері қатты жыныстардан құралған тасты жер бедерінің болуына байланысты аталған. Э.М. Мурзаев Орта Азия елдерінің топонимиясында *даш/тас/таш* терминдерімен жасалған атаулардың көп екендігін келтірген [14].

Жер бедерінің оң формаларын сипаттайтын геоморфологиялық, әрі халықтық терминдердің келесі түрі – *жар*. Оронимдер құрамында жар терминінің қатысуымен 76 географиялық атау қарастырылды. Бұл терминнің де атаулары құрамында қайталану жиілігінің жоғары болуын облыс аумағының геоморфологиялық ерекшеліктерімен түсіндіруге болады. *Жар, яр* – өзен әрекетінен шайылған биік тік жағалау; борпылдақ жыныстардан құралған теңіз жағалауындағы жарлар. Ежелгі түркі тілінде *jar* – «жар», «тік жар»; қазақша, қырғызша *жар*, өзбекше *ёр*, якут. *джар (дьаар)* – «өзеннің биік, тік жағалауы», «теңіз жағалауындағы тік жар»; татар және башқұрт тіл. *яр* - "жаға"; азербайжанша *джар* – «жыра», «құрғатылған батпақ орнында қазылған канал»; алтай тіл. *jar* – "жаға", "жар"; хакас тіл. *чар* – "жаға", "жар" деген мағыналарды береді. Бұл жерден терминнің жағалаулық жыра, жарларға, құрғақ өзен арналарына қатысты екендігін байқадық. Дегенмен *жар* термині жыра, шатқалдар мен сай атауларында пайдаланылған. Мысалы, *Қызылжар, Жарсай, Жарлы, Ақжар* атаулары облыс аумағындағы жыралар мен сайлардың атаулары. Сонымен қатар таулар мен төбелер арасында да *жар* терминімен жасалған атауларды кездестіруге болады. Аумақтағы ірі геоморфологиялық бірлік Мұғалжар тауының атауын мысалға келтіруге болады. Мұғалжар оронимінің этимологиясын түсіндіруде бұл таудың XVIII ғ. орыс деректерінде Мугулжар, Мугалжар, Магулжар, Мугалджар болып аталғандығын ескеру қажет [15]. А. Әбдрахманов, А.К. Матвеев, Е. Қойшыбаев сынды ғалымдар мадьяр (венгер), монгол, монгул, могол, могул этнонимі, мұған түрік тайпасының атауларымен байланыстырғанымен, негізгі сөз құрамындағы жар термині өзгеріссіз сақталған. Яғни, номинация барысында жергілікті жердегі геоморфологиялық ерекшелік басты назарда болған деп тұжырымдауға болады. Э.М. Мурзаев Мұғалжар тауын жар терминінің қатысуымен жасалған деп келтірген [13]. Лингвистикалық тұрғыдан келгенде, филолог ғалым Б.Н. Бияров былайша талдайды: «атаудың бірінші сыңары «мұқ/моқ» моқал-комалый (тұқыл, мұқыл)» туынды түбірі «мұқалған, мүжілген», «аласа» мағыналарын береді. Ал екінші сыңары кәдімгі жар (жарқабак) сөзі тау орографиялық терминін ауыстырып тұр,

өйткені таудың шығыс беткейі көлбеу де, батыс беткейі тік (жарлы болып келеді). Атауға дәлел болып тұрған екі белгі бар: бірі – оның мүжілген, ескі тау екені, екіншісі – таудан гөрі жарға ұқсас келуі» [1]. Бұл белгілер Мұғалжар тауының физикалық-географиялық ерекшеліктерін анықтайды. Аталған пікірлерді талдау барысында және Мұғалжар тауының геологиялық деректер бойынша ескі тау екендігін ескере отырып, атаудың «мұқалған жар» мағынасында пайда болған деп есептейміз.

*Төрткүл, төрткіл* термині (дәлме дәл аудармасы – төртбұрыш) оронимдер қатарында 23 атауда кездеседі. Ғ.Қ. Қоңқашбаев терминнің Қазақстан аумағында түрлі мағынада кездесетіндігін дәлелдеген: – Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігінде төрткүл тілімденген беткейлі, шөгінді жыныстардан құралған көтерілімдерді (қалдық) білдіреді. Орыс географиялық әдебиеттерінде *турткуль, турткулевый рельеф* деген геоморфологиялық термин ретінде қолданылады; – Қазақстанның оңтүстігінде төрткүл деп тегіс шағын көтерілімдер түріндегі, төртбұрыш формасындағы ежелгі қоныстар мен бекіністердің қалдықтарын атайды [10]. *Төрткіл* терминін К.Д. Каймулдинова аласа таулы жер бедері типінің таралу ареалы шектеулі терминдер топтамасына жатқызады [8]. Ақтөбе облысы аумағындағы *Төрткіл, Ақтөрткіл, Қантөрткіл, Қостөрткіл, Кертөрткіл, Төрткілсор* төбелер мен таулар атауы қатарында бірінші мағынаға сәйкес келеді.

*Қара* сөзімен жасалған топонимдерді талдау барысында оның мағынасы туралы бірнеше қорытындылар шығаруға мүмкіндік берді. Э.М. Мурзаев қазақ тілінде қара – «үлкен, қатты, күшті»; «қатты тау жыныстарынан түзілген көтерілім, шоқы»; ал қырғыз диалектінде – «таудағы қар жаппаған орын» деп көрсетті. Е. Койшыбаев қара сөзі түстік мағынадан бөлек «жер», «төбе», «көтерілім», «жота», «алыс», «қалың» т.б. мағыналар білдіретіндігін атаған [9]. Ғ.Қ. Қоңқашбаев бойынша *қара* сөзі орографиялық нысандарға қатысты қатты тау жынысынан құралған, алыстан қою түспен ерекшеленіп көрінетін шоқыны немесе басқа салыстырмалы ірі көтерілімдерді білдіреді, ал гидрографиялық нысандарда грунт суларымен қоректенетін көл немесе өзендерді сипаттайды [11]. Сонымен қатар басқа зерттеушілер Р. Юзбашев, О.Т. Молчанова еңбектерінде *қара* – «көп»; «негізгі, ұлы» деген мағыналарда да кездеседі. Біздің зерттеуіміздегі оронимдер құрамындағы *қара* сөзі орографиялық нысандарға қатысты сипаттамаға сәйкес келеді және *Шөлқара, Қосқара, Қара, Ащықара, Қарабас* сияқты географиялық атаулардың жасалуына негіз болған.

Оронимдер қатарында метафоралық терминдер қатарына да жатқызылатын *бас* термині тау, төбенің жоғарғы бөлігін, өзен бастауын және жоғарғы ағысын, жартас, құздардың жоғарғы бөлігін белгілеуде қолданылады. Ежелгі түркі тілінде *ваз* – «өзеннің жоғарғы ағысы, басталған орны» деген мағына білдірсе, татар тілінде *баш (бас)* термині «бастау орны, өзеннің жоғарғы ағыны», «бас», «жоғарғы жақ» мағынасында қолданылады және ол елде гидрографиялық нысандар атауларында жиі кездеседі [2]. Облыс аумағында *Бас, Ақбас, Тақырлыбас, Түлкібас, Сарыбас* және т.б. атаулармен тау, төбе сияқты орографиялық нысандардың номинация процесіне ұшырағаны байқалады.

Географиялық атауларда кеңінен таралған *құм* терминімен жасалған атаулар облыс аумағындағы оронимдер құрамында *Баршақұм, Жиделіқұм, Аяққұм, Аралқұм, Аққұм, Жаманқұм, Желқұм, Кішіқұм, Қаңбақтықұм, Құмжарған* және тағы басқа барлығы 131 атауды құрайды. Терминнің таралу ареалы құмды массивтердің таралуымен сәйкес келеді.

Жер бедерінің теріс пішіндерін анықтайтын орографиялық терминдер ішінде қайталану жиілігі жоғары *сай* терминін атауға болады. Статистикалық талдау барысында облыс аумағындағы оронимдер құрамында *сай* терминімен жасалған 904 атау (44,5 %) анықталды. Махмуд Кашгари еңбегіне сүйене отырып Э.М. Мурзаев: *saj* – «вулкандар әрекетінен пайда болған тасты жер», шөлді жазық»; *saj jazi* – «жазық», «тасты жазық»; *sajram, sajram suv* – «ұсақ, таяз су» деген мағыналарды көрсететіндігін талдады. Түркия, Азербайжанда *чай (сау)* – «өзен», қырғ. *сай* – «құрғаған арна немесе кеуіп қалған өзен», «уақытша өзен» дегенді, түркмен тілінде де *чай* осы мағынаны білдіреді [13, 14]. Монғолияда *сайр* формасында – «құрғақ жыра», «қар еріген немесе жауын уақытында толатын уақытша өзен арнасы» деген мағынада қолданылады [10]. Географиялық сөздіктер мен әдебиеттерде «құрғаған арна, уақытша өзен» деген мағынаға сәйкес келеді. *Сай* – көбіне құрғақ, кейде маусымдық су ағатын, беткейі көлбеулене келген ұзын ойыс, аңғар. Жер бетінің эрозияға ұшырауынан және жыралардың одан әрі дамуынан қалыптасады. Ежелгі өзен аңғарларының (кейде арналарының) орнында да қалыптасуы мүмкін [7]. Термин көбіне өзендер мен сай, жыралардың атауларында жиі кездеседі.

**Қорытынды.** Ақтөбе облысы аумағындағы топонимдер құрамындағы орографиялық терминдерге талдау жасау арқылы мынадай қорытындыға келеміз:

1. Халықтық (жергілікті) географиялық терминдер топонимдер құрамына қатысады және сол жердегі нысандардың ерекшеліктеріне сәйкес

келеді. Облыс аумағындағы оронимдер құрамында халықтық орографиялық терминдермен жасалған географиялық атаулар жартысына жуығын (42,5 %), соның ішінде *сай, төбе, шоқы, төрткіл, құм, тас, оба, бас, тау, жар, адыр, қара* терминдерімен жасалған атаулар 80 пайызға жуығын құрайды.

2. Жер бедері мен оның элементтерін белгілейтін географиялық терминдер тобының басымын жер бедерінің оң пішіндері мен типтерін сипаттайтын геоморфологиялық терминдер құрайды және олар облыстағы географиялық атауларда, соның ішінде оронимдерде жақсы көрініс тапқан.

3. Халықтық географиялық терминдер көптеген географиялық атаулардың мағынасын ашуда маңызды рөл атқарады. *Тау, төбе, тас, жар, шоқы* сияқты жиілігі жоғары халықтық орографиялық терминдердің сипаттамасын облыс аумағындағы кейбір топонимдердің этимологиясын анықтауда салыстырмалы ғылыми зерттеулердің нысаны ретінде пайдалану мүмкіндігі мол деп білеміз.

4. Ақтөбе облысындағы оротерминдер мен өзге де географиялық атаулардың топонимдер жасалуында физикалық-географиялық тұрғыда қалыптасқанын аңғартты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бияров Б.Н. Кейбір макротопонимдердің этимологиясы. Жер-су атауларының тарихы мен бүгінгі жай-күйі. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана: Сарыарқа, 2013. – Б. 81-97.
2. Гарипова Ф.Г. Татар топонимиясе: халқыбызның географик атамаларында – терминнар. – Казан: ТӘҺСИ, 2017. – С. 67-74.
3. Достай Ж., Сапаров Қ. Ландшафт тұрпаттарын (типтерін) анықтаудағы топонимдердің рөлі // География және табиғат. – 2006. – №5(23). – Б. 5-9.
4. Жанұзақ Т. Халықтық географиялық терминдердің семантикалық шегі және олардың топонимдер жасаудағы өзіндік орны // Ономастикалық Хабаршы. – 2014. – №2(28). – Б. 58-64.
5. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 13 том. Ақтөбе облысы. – Алматы, 2016. – Б. 30-525.
6. Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы. – Т.1. – Алматы: VIT BRAND, 2010 – Б. 51.
7. Қазақстан табиғаты: Энциклопедия /Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2012. 4-том. – Б. 304.

8. Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аймақтарының топонимиясы. – Алматы: Те-Color, 2010. – Б. 57-67.
9. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алматы, 1974. – С. 118-125.
10. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Известия Академии наук КазССР. Серия географическая. – 1951. – Вып. 3. №99. – С. 3-45.
11. Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алматы, 1963. – С. 8-139.
12. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или кирги-кайсацких орд и степей (под ред. М.К. Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996. – Б. 44-50.
13. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. – С. 443.
14. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1996. – С. 16-234.
15. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург: Бреслина, 1887. – С. 439.
16. Сапаров Қ.Т. Метафоралық терминдер және топонимия // ПМУ Хабаршысы. – 2007. – №3. – Б. 116-121.
17. Penko N. S. Engraved in the Landscape: The Study of Spatial and Temporal Characteristics of Field Names in the Changing Landscape // A Journal of Onomastics Names. – 2018. – Volume 67. Issue 1. – P. 1-14.

Поступила 08.04.2019 г.

А.Г. Абдуллина

Доктор геогр. наук

К.Т. Сапаров

### **ТОПОНИМИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ ОРОГРАФИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Ключевые слова:** топоним, народные географические термины, оронимы, орографические термины, ландшафтно-геоморфологическая особенность

*В статье рассмотрены орографические термины, встречающиеся в географических названиях Актюбинской области и их топонимическая активность. С помощью природно-географического, лингвистического анализа народных географических терминов выявлена их связь с*

геоморфологическими, ландшафтными особенностями территории. Сделана классификация терминов содержащихся в более 4000 названий орографических объектов, встречающихся на территории исследования, которые представлены в виде таблиц и диаграмм.

A.G. Abdullina, K.T. Saparov

## **TOPONYMIC ACTIVITY OF OROGRAPHIC TERMS OF AKTOBE REGION**

**Keywords:** toponym, folk geographic terms, oronyms, orographic terms, landscape-geomorphological feature

*The article discusses the orographic terms found in the geographical names of the Aktobe region and their toponymic activity. With the help of natural-geographical, linguistic analysis of popular geographical terms, is revealed their connection with the geomorphological, landscape features of the territory More than 4000 names of orographic objects found in the study area are considered, the terms were classified. The data is presented in tables and charts.*

УДК 528.8.042 (504.75.06)

PhD

Б.Б. Имансакипова<sup>1</sup>Б.И. Кидирбаев<sup>1</sup>А.В. Чернов<sup>1</sup>Г.С. Шакиева<sup>1</sup>

### ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОЦЕНКИ ПАВОДКОВОЙ СИТУАЦИИ НА ОСНОВЕ ДАННЫХ РАДАРНОЙ ИНТЕРФЕРОМЕТРИИ И ГИС-ТЕХНОЛОГИЙ

**Ключевые слова:** паводок, стихийные бедствия, радарная интерферометрия, sag, зоны затопления, sentinel 1a/sentinel 1b.

*Рассмотрены научно-методические основы оценки паводковой ситуации на основе данных радарной интерферометрии и ГИС-технологий для использования космического мониторинга исходя из рациональности выбраны радарные снимки спутниковых систем Sentinel 1A/1B. Обработка снимков осуществлялась с помощью программы SNAP (с пакетом SIToolbox) на примере паводковой ситуации в Карагандинской и Восточно-Казахстанской областях на основе радарных снимков определены зоны затопления. Показаны, что радарные снимки обладают преимуществом одновременного охвата всей исследуемой территории, оперативности получаемых результатов, независимости съемки от времени суток и атмосферных условий. Эффективность космического мониторинга повышается с использованием ГИС-технологий, включающие максимально детализированные слои с объектами инфраструктуры и подробной атрибутивной информации. Этому способствует созданная геоинформационная модель определения ущерба (ГМОУ).*

**Введение.** Ежегодно, в весенний период на территории Республики Казахстан происходит большое количество чрезвычайных событий природного характера (сходы лавин, сели, оползни и паводки). Возникновение всех этих явлений тесно связано с таянием снегов, выпавших в зимний период.

---

<sup>1</sup>Satbayev University, г. Алматы, Казахстан.

Для РК весенние паводки зачастую оказываются наиболее разрушительными, в качестве примера можно привести [4]:

– 12 марта 2010 года. Прорыв плотины водохранилища Кызылагаш в Алматинской области. По официальным данным без крова остались 2 тыс. человек (проживавших в одноименном поселке), погибли 43 человека. Общие затраты на восстановление составили 53 млн долларов.

– Апрель 2011 года. Западно-Казахстанская область, город Уральск. Резкий подъем воды в реках Чаган и Деркун, подтоплено более 100 домов, материальный ущерб составил 19 млн тенге, ущерб сельскому хозяйству 124,9 млн тенге.

– 31 марта 2014 года. Карагандинская область, поселок Кокпекты. Прорыв плотины Кокпектинского водохранилища, подтоплено более 100 домов, погибло 5 человек, материальный ущерб составил 87,6 млн тенге.

– 11 марта 2018 г. Карагандинская область, город Аягоз. В результате сильных дождей затоплены дома, пешеходные зоны и автомобильные дороги. Общий ущерб составил порядка 169 млн тенге.

Вышеперечисленное лишь малая часть того, что ежегодно происходит на территории Республики Казахстан. При этом немаловажной задачей, является не только своевременный прогноз таких явлений, но и последующая оценка нанесенного ущерба.

Задача оперативного получения информации о текущих границах зон затопления эффективно решается при использовании систем космического мониторинга. Подобная оперативная система космического мониторинга паводков и наводнений в Казахстане развивается с 2001 г., а уже с 2002 г. началось практическое использование этой системы в интересах органов ЧС различного уровня [1].

Наиболее рациональным представляется использование систем космического мониторинга, базирующихся на спутниках, оснащенных SAR оборудованием (радары X, C и L диапазонов), то есть радарных спутниковых миссиях Sentinel 1A/1B, RADARSAT-2, ALOS PALSAR, COSMO-SkyMed-1,2,3,4. Преимущество таких миссий, применительно для определения границ зон затоплений состоит в следующем:

1) всепогодность и независимость съемки от времени суток и атмосферных условий [3], что особенно актуально в дождливые сезоны, когда затопление может продолжаться и после проведения первичной съемки, а непрекращающиеся дожди и облачность мешают проведению оптической съемки;

2) области с гладкой поверхностью открытой воды легко детектируются на радарных изображениях; плоская спокойная водная поверхность действует как зеркальный отражатель, который рассеивает энергию радара в сторону от сенсора [3].

Минусом при этом можно считать достаточно высокую сложность обработки и дешифрирования (в отличие от снимков в оптическом диапазоне).

Для отработки технологии использовались радарные снимки спутниковых миссий Sentinel 1A/ Sentinel 1B (см. таблица 1). Это семейство европейских радарных спутников дистанционного зондирования Земли (запущенных в рамках проекта “Copernicus”, предыдущее название GMES), работающих совместно на одной орбите в режиме тандемной пары, и позволяющие получить радарные снимки с периодичностью 1 раз в 6...12 дней. Важным преимуществом этих спутников перед другими радарными миссиями является то, что их снимки находятся в свободном доступе (можно скачать после регистрации), скачивание возможно на специализированных европейских и американских порталах [5].

Таблица 1

Параметры спутников Sentinel 1A/ Sentinel 1B [6, 7]

Характеристика	Sentinel 1A	Sentinel 1B
Дата запуска	3 апреля 2014 года	25 апреля 2016 года
Срок активной эксплуатации	7 лет	7 лет
Высота орбиты/Наклон орбиты	693 км/98,1°	693 км/98,1°
Съемочная аппаратура	Synthetic Aperture Radar (C-band)	Synthetic Aperture Radar (C-band)
Поляризация	Одинарная (HH либо VV) или двойная (HH/HV либо VV/VH)	Одинарная (HH либо VV) или двойная (HH/HV либо VV/VH)
Период съемки, сут.	12	12
Режим работы	Тандемная пара	

Основной задачей, которая была поставлена в процессе работы является определение зон затопления во время следующих ЧС:

- Затопление прибрежных территорий в апреле 2017 года возле г. Темиртау (п. Чкалово).
- Затопление города Аягоз 11 марта 2018 г.

**Материалы и методы исследований.** В данной работе используются снимки Sentinel 1A/ Sentinel 1B с данными С-диапазона IW (interferometric wide swath), имеющие поляризации VV/VH и пространственное разрешение 5x20 метров. В первом случае использовались 2 снимка – один из них сделан на момент события ( $\pm 2$  дня), второй сделан спустя месяц (в мае). В третьем случае использовался снимок, сделанный спустя сутки после паводка (12 марта) и снимок сделанный за 6 дней до события (5 марта), что позволило определить границы подтопления максимально эффективно.

Обработка снимков осуществлялась с помощью программы SNAP (с пакетом S1Toolbox). В основе обработки лежит метод, при котором два снимка (один из них делается до начала чрезвычайной ситуации, второй в разгар бедствия) совмещаются и находится разница между амплитудными данными (которая выражается в изменении отражательной способности затопленных и сухих участков). После чего выполняется классификация пикселей и выделяются пороговые значения, на основе которых формируются зоны затоплений.


Обработка снимков включает в себя три основных этапа:

- Предварительная обработка.
- Определения пороговых значений обратного рассеяния от водной поверхности (в дБ) и создание масок, содержащих границы затопленных зон.
- Экспорт результатов в ГИС и совмещение границ зон затопления с пространственными данными ГИС [2].

Предварительная обработка включает в себя следующие шаги [3, 5]:

- 1) выделение фрагмента с исследуемой областью;
- 2) устранение некогерентного накопления;
- 3) радиометрическую калибровку;
- 4) пространственное совмещение разновременных изображений

**Результаты и обсуждение.** По результатам предварительной обработки были получены совмещенные амплитудные снимки, содержащие в себе трехцветный композит, в котором синим цветом выделены зоны, свободные от затопления, а красным зоны, покрытые водой (рисунок 1).



*Рис. 1. Амплитудные изображения с зонами затопления (выделены красным цветом) за 2017 г. (а) для Карагандинской области и 2018 (б) г. для Восточно-Казахстанской области.*

Следующим шагом является определение пороговых значений обратного рассеяния от водной поверхности. Пороги определяются по среднему значению амплитуды (в совмещенном изображении) в области с известной открытой водой на исследуемых изображениях [3]. Полученные пороговые значения служат для автоматизированной выборки пикселей, образующих маску с зонами затопления. Маска представляет собой черно-белое изображение, имеющее пространственную привязку, охват и разрешение, идентичные исходному (амплитудному) изображению, но при этом пиксели в изображении содержат всего 2 значения – 0 и 1, где 0 – зона без затопления, 1 – затопленная зона. По результатам анализа были получены пороговые значения, приведенные в таблице 2.

Таблица 2

Обратное рассеяние в дБ от водной поверхности для исследуемых территорий

Исследуемый объект	VV поляризация	Дата съемки
Карагандинская область (г. Темиртау)	-25	16.04.2017 г.
Восточно-Казахстанская область (г. Чкалово)	-15	11.03.2018 г.

После создания масок, их можно загрузить в любую ГИС-программу для более подробного анализа. В работе было использовано программное обеспечение QGIS с заранее подгруженным набором базовых слоев (граница населенных пунктов, дороги, здания) Open Street Map и базовой картографической подложкой OSM. В результате можно видеть наложение полученных масок с зонами затопления на картографическую подложку с векторными и растровыми слоями (рисунок 2).



Рис. 2. Зоны затопления (выделены красным цветом) за 2017 г. (а) для Карагандинской области и 2018 (б) г. для Восточно-Казахстанской области.

Как видно из рисунка 2 по радарным снимкам удалось достаточно точно определить для первого рисунка (рисунок 2а) границы разлива талых вод в весенний период, когда пострадали многие мелкие поселки возле г. Темиртау, и зоны подтопления г. Аягоз для второго рисунка (рис. 2 б), когда в результате весенних дождей был практически полностью затоплен весь город.

После добавления масок к картографическим данным для выполнения поиска пострадавших от подтопления зданий и сооружений запускается геоинформационная модель определения ущерба (ГМОУ), структура которой приведена на рис. 3.



Рис. 3. Геоинформационная модель определения ущерба.

ГМОУ определяет какие из объектов попали в зону паводка и выделяет их для пользователя контрастным цветом (рисунок 4), одновременно формируя список этих объектов.



*Рис. 4. Дома в городе Аягоз, попавшие в зону затопления (зелеными кружками выделены дома, избежавшие подтопления).*

Логичным продолжением первой версии ГМОУ является ГМОУ в. 2 (рисунок 5), которая представляет собой расширенную версию данной модели, имеющую следующий функционал:

- Определение стоимости подтопленных сооружений, и как результат ориентировочных затрат на восстановление.
- Определение числа пострадавших в разрезе возраста, материального статуса и т.д., и как результат размеров гуманитарной помощи и компенсаций.

Определение площадей подтопленных сельскохозяйственных угодий, и как результат объем необходимого спонсирования фермеров.

Из вышеприведенного, можно сказать, что определение зон затоплений с использованием радарных снимков не дает возможность спрогнозировать возникновение паводка. Но его большим преимуществом является охват и оперативность получаемых результатов, которые позволяют в кратчайшие сроки (за 1...2 дня) полностью оценить размеры пострадавших территорий, количество объектов инфраструктуры и людей, попавших в зону ЧС. При этом нет необходимости использовать дорогостоящую технику (вертолеты, самолеты) для облета территории, которую можно вместо этого задействовать для оказания помощи пострадавшим. При этом необходимо учитывать, что возможно использование оперативных данных спутниковой миссии Sentinel, которые находясь в свободном доступе, еще более удешевляют процесс

проведения оценки ущерба, позволяя тратить выделенные средства на более неотложные нужды.




Рис. 5. Геоинформационная модель определения ущерба (расширенная версия.)

**Выводы.** Таким образом, определение зон затоплений с использованием радарных снимков малопригодно для регулярного мониторинга (в текущей методике обработки радарных снимков) и не может заменить полноценные гидрологические изыскания, но весьма эффективен для оперативного определения границ бедствия, попавших под удар стихии объектов (их числа, назначения и т.д.) и как следствие, материального ущерба и возможных затрат на восстановление инфраструктуры, разрушенных зданий и размеров компенсаций пострадавшим людям. Также вид зонирования дает возможность в дальнейшем предсказать динамику развития затопления участков местности на основе уже собранных данных и принять возможные меры к предотвращению возникновения ЧС (строительство защитных сооружений, дамб, укрепление берегов и т.д.).

Использование такого рода технологии невозможно без развитой ГИС-системы, включающей максимально детализированные слои с объектами инфраструктуры и подробной атрибутивной информацией.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Архипкин О.П., Сагатдинова Г.Н., Бралинова Ж.А. Оценка потенциального развития паводков на основе анализа многолетних

- временных рядов ДДЗ // Современные проблемы дистанционного зондирования Земли из космоса. 2014. – Т. 11. № 4. – С. 127–136
2. Имансакипова Б.Б., Чернов А.В., Кидирбаев Б.И., Мустафин М.Г. Повышение эффективности оценки паводковой ситуации с использованием данных радарной интерферометрии и ГИС-технологий // Цифровые технологии в геодезии, маркшейдерии и геомеханике: Труды Международного форума маркшейдеров, 19-20 апреля 2019 – Караганда, 2019 – С. 85-88
  3. Родионова Н.В. Анализ изображений Sentinel 1 для весеннего паводка в Алтайском крае в апреле 2015 года и Рязанской области в апреле 2016 года // Современные проблемы дистанционного зондирования Земли из космоса. 2017. – Т. 14. № 1. – С. 136–146
  4. Тукпиев Ж. Адские паводки. Какие регионы Казахстана под угрозой затопления? [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.kazpravda.kz/multimedia/view/adskie-pavodki-kakie-regioni-kazahstana-pod-ugrozoi-zatopleniya/> (дата обращения: 05.04.2019)
  5. Храмов Д. Обнаружение зон затопления по радарным снимкам КА Sentinel-1 [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <http://dkhramov.dp.ua/obnaruzhenie-zon-zatopleniia-po-radarnym-snimkam-ka-sentinel-1#.XIaPGyzaiP> (дата обращения: 05.03.2019)
  6. Sentinel-1A, 1B [Электрон. ресурс]. – URL: <https://innoter.com/sputniki/sentinel-1a-1b/> (дата обращения: 10.03.2019).
  7. Sentinel-1 [Электрон. ресурс]. – URL: <https://earth.esa.int/web/guest/missions/esa-operational-eo-missions/sentinel-1> (дата обращения: 10.03.2019).

Поступила 03.03.2019

PhD

Б.Б. Имансакипова  
Б.И. Кидирбаев  
А.В. Чернов  
Г.С. Шакиева

### **РАДИОЛОКАЦИОННАЯ ИНТЕРФЕРОМЕТРИЯ ЖӘНЕ ГИС ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

**Түйін сөздер:** су тасқыны, табиғи апаттар, радиолокационная интерферометрия, sar, су басу аймақтары, sentinel 1a / sentinel 1b

*Ғарыштық мониторингті пайдалану үшін радарлық интерферометрия және геоақпараттық жүйелер (ГАЗ)*

технологиялары мәліметтері негізінде су тасқыны жағдайын бағалаудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылды рационалдылыққа сүйене отырып sentinel 1A/1B спутниктік жүйелерінің радарлық суреттері таңдалған. Радарлық түсірілімдердің барлық зерттелетін аумақты бір мезгілде қамту артықшылығы, алынған нәтижелердің жеделдігі, түсірілімнің тәуліктің уақытынан және атмосфералық жағдайлардың Тәуелсіздігі, бұл әсіресе жаңбырлы маусымда, су басу алғашқы түсірілімнен кейін де жалғасуы мүмкін, ал тоқтаусыз жаңбыр мен бұлттылық оптикалық түсірілімдерді жүргізуге кедергі келтіреді; Ғарыш мониторингінің тиімділігі ГАЖ-технологияларды пайдалана отырып, инфрақұрылым объектілері бар барынша егжей-тегжейлі қабаттарды және толық атрибутивтік ақпаратты қамтитын жоғарылайды. Бұған залалдарды анықтаудың геоақпараттық моделі (ГМОУ) ықпал етеді.

B. Imansakipova, B. Kidirbayev, A. Chernov, G. Shakiyeva

### **IMPROVING THE EFFICIENCY OF FLOOD ASSESSMENT USING RADAR INTERFEROMETRY AND GIS TECHNOLOGY**

**Key words:** flood, natural disasters, radar interferometry, sar, flooding zones, sentinel 1a/sentinel 1b

*The scientific and methodological basis for assessing the flood situation based on radar interferometry and GIS technologies for the use of space monitoring is considered. based on the rationality, radar images of Sentinel 1A/1B satellite systems are selected. The images were processed using the SNAP program (with the SIToolbox package). the flood situation in the Karaganda and East Kazakhstan regions was shown as an example. It is shown that radar images have the advantage of simultaneous coverage of the entire study area, the efficiency of the results obtained, and the independence of the survey from the time of day and atmospheric conditions. The effectiveness of space monitoring is enhanced using GIS technologies that include the most detailed layers with infrastructure objects and detailed attribute information. This is facilitated by the created geoinformation model for determining damages.*

ӘӨЖ 911.8 (574)

Геогр.ғылымд. докторы М.Н. Мусабаева<sup>1</sup>  
Г.Б. Абиева<sup>1</sup>**ӨЗЕН АЛАПТАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ  
САЛДАРЛАРЫН ЖҮЙЕЛІК ТӘСІЛДЕМЕ ТҮРҒЫСЫНАН ТАЛДАУ  
(ҮЛКЕН БҰҚПА ӨЗЕНІ МЫСАЛЫНДА)**

**Түйін сөздер:** кіші өзен, өзен алабы, геожүйе, жүйелік тәсілдеме, табиғат пайдалану, табиғат пайдалану түрлері, судың ластануы.

*Мақалада өзен алаптары шегіндегі экологиялық жағдайды жүйелі көзқарас тұрғысынан зерттеу мүмкіндігі қарастырылды. Мысал ретінде Үлкен Бұқпа өзені алабындағы антропогендік өзгерістер мен экологиялық жағдай зерттелді. Экологиялық жағдай табиғи жағдайлар мен табиғат пайдалану қарқындылығының өзара іс-қимылының нәтижесі ретінде қаралып, табиғат пайдалану түрлері анықталды.*

**Кіріспе.** Гидрологияда жүйелік тәсілдемені қолдану су нысандарын зерттеу барысында жүйелік әдіснаманың негізгі қағидаларын пайдалануды қарастырады. Осы қағидаларды қолдану кез-келген жүйе бөліктерінің динамикасы мен құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, оны талдауға және жинақтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты барлық бөліктерінің, үдерістері мен құбылыстарының тұтастығы, иерархиялығы, өзара тәуелділігі мен өзара шарттастығы ерекше болып келетін зерттеу нысанын (геожүйелерді) анықтау үлкен маңызға ие. Егер геожүйе – ортақ негізі бар элементтердің жиынтығымен сипатталатын, осы жиынтықтың тұтастығын айқындайтын географиялық қабықтың бөлігі дейтін болсақ, онда кез келген су нысаны геожүйе болып табылады. Ол бірыңғай негізге ие, оның құрамдас бөліктері бір-бірімен тығыз байланысты [6].

Зерттелетін су нысанына жүйелік тәсілдемені қолдану зерттеу мақсатын нақты тұжырымдауды қажет етеді. Бұл нысанның құрылымын,

---

